


А.П. Акынова *, Ж. Нұрманбетқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: akynova.aygerim@gmail.com

XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АНТИГЕРМАНДЫҚ ҮГІТ-НАСИХАТТАҒЫ «ҒҰНДАР МӘСЕЛЕСІ»

Мақала XX ғасырдың бірінші жартысында Германия әскерлерінің неліктен «ғұндар» деп аталу себебін қарастырып, оның ерекшеліктеріне ашып көрсетеді. Атап айтқанда, немістерді ғұндарға теңестіру үрдісінің пайда болуы тарихынан бастап, оның бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстары тұсындағы көріністеріне кеңінен талдау жасайды.

Әсіресе автор зерттеу жұмысында XX ғасырдың бас кезіндегі антигермандық үгіт-насихат жұмыстары аясындағы немістерді «ғұндар» деп атауды зерттей отырып, сол заманғы еуропалықтардың ғұндарға қатысты ұстанымдары мен көзқарастарына талдау жасайды. Немістердің «жабайы ғұндар» ретіндегі образының қалыптасуындағы ағылшындық-американдық және басқа да батыстық мемлекеттердің үгіт-насихатының рөлін көрсетеді. Оған қоса ол ұстанымдар қандай көзқарас шеңберінде қалыптасқанына да мән береді.

Сондай-ақ мақалада автор XX ғасырдың бас кезінде кеңінен қолданылған немістерді ғұндар деп көрсететін идея неліктен өзінің өміршеңдігін жоғалтып, екінші дүниежүзілік соғысы тұсында қолданылуын тоқтата бастағанға қатысты өзіндік болжамдарын да ұсынады. Осы орайда XX ғасырда әлемдік саяси дискуссияларда немістерді ғұндардың тарихи мұрагерлері ретінде көрсетуі ғылыми тұрғыдан өзіндік өзектілікке ие екені сөзсіз.

Қорытынды бөлімде зерттеу авторы алынған нәтижелер негізінде еуропалық халықтың санасындағы ғұндардың образы туралы тұжырымдар жасайды.

Түйін сөздер: ғұндар, Германия әскері, немістер, Аттила, бірінші дүниежүзілік соғыс, екінші дүниежүзілік соғыс, варвар.

A.P. Akynova*, Zh. Nurmanbetkyzy

Kazakh National University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: akynova.aygerim@gmail.com

«The problem of the huns» in the anti-german propaganda of the first half of the twentieth century

The article discusses the reasons and reveals the specifics of why the German troops in the first half of the XX century were called "Huns". In particular, starting with the history of the emergence of this trend of equating Germans with Huns, the author conducts an extensive analysis of its manifestations during the First and Second World Wars.

In addition, the author in his research work analyzes the positions and views of Europeans in relation to the Huns, exploring the application of the name "Huns" to the Germans as part of anti-German propaganda work in the early XX century. The role of the agitation of Anglo-American and other Western states in shaping the image of the Germans as "wild Huns" is reflected. In addition, special attention is paid to the fact that within the framework of which approach positions are formed.

In the article, the author also offers his own assumptions about why the idea in which Germans are called Huns, widely used in the early XX century, lost its viability and began to cease its use during World War II.

In the final part, the author of the study, based on the results obtained, draws conclusions about the image of the Huns in the minds of the European population.

Key words: Huns, German army, Germans, Attila, World War I, World War II, barbarian.

А.П. Акынова*, Ж. Нұрманбетқызы

Казахский национальный университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: akynova.aygerim@gmail.com

«Проблема гуннов» в антигерманской пропаганде первой половины XX века

В статье рассматриваются причины и раскрываются особенности того, почему германские войска в первой половине XX века были названы «гуннами». В частности, начиная с истории возникновения данной тенденции приравнивания немцев к гуннам, автор проводит обширный анализ ее проявлений в период Первой и Второй мировых войн.

Кроме того автор в своей исследовательской работе анализирует позиции и взгляды европейцев по отношению к гуннам, исследуя применения названия «гуннов» к немцам в рамках антигерманской пропагандистской работы в начале XX века. Отражается роль агитации англо-американских и других западных государств в формировании образа немцев как «диких гуннов». Кроме того, особое внимание уделяется тому, что в рамках какого подхода сформированы позиции.

В статье автор также предлагает свои собственные предположения о том, почему идея, в которой немцев называют гуннами, широко использовавшаяся в начале XX века, потеряла свою жизнеспособность и начала прекращать свое использование во время Второй мировой войны.

В заключительной части автор исследования на основании полученных результатов делает выводы об образе гуннов в сознании европейского населения.

Ключевые слова: гунны, Германская армия, немцы, Атилла, Первая мировая война, Вторая мировая война, варвар.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдік тарих ғылымында ғұндардың мұрасын зерттеу мен оларға белгілі бір тарихи баға беру үрдісі ерекше қарқынмен жүріп жатыр. Сонымен қатар олардың тарихтағы алатын орны мен әлемдік өркениетке қосқан үлесі мәселесі қызу талқылауға түсуде.

Адамзат баласының дамуымен қатар түрлі жаңа идеялар мен ұстанымдардың пайда болуына байланысты ғұндарға қатысты позициялар да өзгерістерге ұшырауда. Ежелгі дүние тарихындағы өзіндік елеулі орны бар ғұндардың тарихи мұрагерлері кімдер деген сұрақтың өзі түрлі дискуссияларға әкеліп жатыр. Осылайша аталған мәселе әлемдік тарих үшін әлі де біржақты шешілмеген, әрдайым кешенді зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі екені сөзсіз.

Оған қоса тарих беттеріндегі ғұндардың жүріп өткен жолдары мен мекендеген территорияларында бүгінгі таңда өмір сүріп жатқан халықтар өздерін олардың ұрпақтары ретінде көрсетуі аталған мәселенің өзектілігін одан сайын арттыра түседі. Сондықтан да қазіргі тарих ғылымында ғұндардың тарихи мұрагерлеріне қатысты мәселені жан-жақты, кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе ендігі кезекте тек тарихи зерттеулермен ғана шектелмей, әдебиет, мәдениет, саяси ілімдер тұрғысынан да қарастырылуы дұрыс болады. Осылайша, біріншіден, аталған мәселені әр

түрлі позициялардан қарауға мүмкіндік алсақ, екінші жағынан, оның пәнаралық байланыста ғана белгілі бір жауабын табуға болатынын анық түсінеміз.

Осы орайда XX ғасырда әлемдік саяси дискуссияларда немістерді ғұндардың тарихи мұрагерлері ретінде көрсетуі ғылыми тұрғыдан өзіндік өзектілікке ие екені сөзсіз. Әсіресе бұл сипаттаулар I және II дүниежүзілік соғыстар тұсында кеңінен етек алып, немістерді ғұндардың ұрпағы ретінде көрсетеді. Алайда бұл жерде немістерді ғұндар деп атауда кекесінді, қорлау мағынасы қолданылғандықтан, аталған үрдістің қалай және қандай жағдайларда пайда болғанын, неліктен немістерге қатысты қолданылғанын және қандай сипатта болғанын зерттеу өте маңызды болып табылады.

Сонымен қатар осы кезеңде Германияның I және II дүниежүзілік соғыстар тұсындағы саясатына қарсы қарсылас мемлекеттердің қолданған үгіт-насихат жұмыстарындағы ғұндардың рөлі, олардың образдары қандай болды деген мәселе де зерттеуді қажет етеді.

Сондықтан да осы зерттеу жұмысында XX ғасырда Германияның сыртқы саясатына қатысты батыстық елдердің қолданған шаралары мен немістерді сипаттаудағы саяси мәлімдемелерді қарастыру, оларға талдау жасау арқылы біз сол кездегі батыстық көзқарастағы ғұндардың образын аша аламыз. Сол образдың қалай және қандай саяси ұстанымдар мен жағдаяттар контекстінде қалыптасқанына баға

беріп, белгілі бір тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз.

Сонымен XX ғасырда соғыс уақыттары жағдайында ағылшын-американдық, басқа да батыстық елдердің саяси үгіт-насихат жұмыстары неліктен немістерді ғұндар деп көрсете бастады? Неліктен немістерді ғұндар деп көрсету арқылы оларды жауыз, қанішер ұлт ретінде көрсеткісі келді? Сол мақсатқа жету үшін Германияның саяси қарсыластары қандай құралдарды қолданды? Міне, бұл сұрақтарға жауап беру арқылы біз мақаланың мақсат етіп қойған сұрағына жауап бере аламыз.

Оған қоса аталған мәселенің отандық қана емес, посткеңестік елдердің тарих ғылымында зерттелмеуі, тек қана шетелдік ғылыми айналымдағы жекелеген ізденіс талпыныстары ғана бар екені бұл проблеманың өзектілігін одан сайын күрделендіре түседі. Сондықтан да бұл тақырып жан-жақты зерттеуді, кешенді түрде зерделеуді қажет ететіні сөзсіз.

Мәселенің методологиясы

Зерттеу жұмысы орындалу барысында барлық негізгі ғылыми принциптер мен әдіс-тәсілдер басшылыққа алынды. Атап айтқанда, проблеманың ұсынылуы барынша тарихи-танымдық, нарративтік, объективтілік принциптерін қатаң ұстанды.

Сондай-ақ методологиялық тұрғыдан зерттеуде немістерге қатысты «ғұндар» атауын қолдану ерекшеліктерін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыру проблеманы жүйелі түрде, логикалық байланыспен зерттеуге мүмкіндік берді. Ал зерттеу мәселесінің хронологиялық ретпен сипатталуы аталған мәселенің өзгеру динамикасын анықтауға мүмкіндік берді.

Оған қоса немістерді «жабайы ғұндар» деп көрсетуге тырысатын ағылшындық, американдық және басқа да батыстық елдердің арнайы постерлерін зерттеу барысында компаративтік талдау әдісі қолданылып, олар өзара салыстырылып, бұл өз кезегінде мақаладағы проблеманың мән-мағынасын әр түрлі жағынан кеңірек аша түсті.

Ал қорытынды бөлімде зерттеудің нәтижелерінен алынған тұжырымдар жасалынып, өзіндік ойлар ұсынылды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу жұмысының қойылған мақсатына жету үшін немістерді ағылшын-американдық үкіметтер неліктен ғұндар деп атағанын үш уақыт аралығында қарастыру керек. Ең алдымен немістерге қатысты «ғұн» эпитетінің шығу тарихын сипаттау керек. Екінші уақыт аралығы ретінде I дүниежүзілік соғыс уақытын алып, осы кезеңдегі немістерге қатысты «ғұндар» атауын қолданылуы аясын зерделеу керек. Соңғы, үшінші уақыт аралығы деп II дүниежүзілік соғыс кезеңін алып, аталған уақыттағы немістерді ғұндар ретінде көрсетуге тырысқан сәттерге талдау жасау керек.

Осылайша XX ғасырдың алғашқы жартысында немістерді ағылшын-американдық үкіметтер неліктен ғұндар деп атағанын қарастыру үшін ең алдымен бұл «ғұн» ұғымының немістерге қатысты қалай қолданыла бастағанына мән беру керек екені сөзсіз. Оның өзіндік тарихы бар.

1899-1901 жылдары Қытайдағы Цин билігі тұсында боксшылар көтерілісі деген атаумен тарихта қалған ихетуан көтерілісі болып, бұл бүлік елдегі шетелдік империалисттерге, христиандыққа қарсы бағытталады. Осы көтерілісті басуға империалистік елдердің әскерлері жіберіледі. Солардың ішінде Германияның да әскері Қытайдағы көтерілісті басуға аттанады (Dabringhaus, 1999: 461). Міне, осылайша Германияның Шығыс Азиялық экспедициялық корпусы әскерінің Бремерхафен портынан аттануы алдында Германияның императоры Вилгельм II-нің сөйлеген сөзі әлем жұртшылығын өзіне аудартты. Себебі германиялық билеуші өз сөзінде немістерді ғұндардың билеушісі Аттила мен оның әскерінің ерліктерімен жігерлендіреді. Атап айтқанда Вильгельм II былай дейді: «Егер сендер жауға қарсы келсеңдер, ол жеңіліс табады! Аяушылық болмайды! Тұтқынға адамдар алынбайды! Сендердің қолдарына түскендер жазаланады! Осыдан мың жыл бұрын ғұндар өздерінің билеушісі Аттиланьың қолбасшылығымен бүгінгі күнде де тарих пен аңыздарда ұмытылмайтындай өздерінің ізін қалдырғандай, дәл солай сендер де Германияның атын Қытайда қалдырыңдар, бір де бір қытайлық Немістің көзіне тіке қарай алмайтындай жағдайда болсын!» деген болатын (Musolff, 2017: 45-46).

Сондай-ақ Вилгельм II-нің өз әскерлерін жігерлендіруде ғұндарды мысалға алып, оларды эпитет ретінде қолдануы елдің ішінде де, сыртқы саяси аренада да көптеген реакцияларға тап болды. Ол реакциялар қолдайтын да, оған қарсы шығатын сипатта да болды. Қолдайтын реакцияларға көбінесе патриоттық тұрғыдан қарайтын, мемлекетшілдік көзқарастан қарайтын саяси тұлғалар тарапынан орын алса, аталған эпитетке қарсы ойларын білдіргендердің көзқарастары XX ғасырда бас кезінде дамып келе жатқан гуманитарлық ұстанымдардың дамуымен және христиандық діннің канондарына сай келмеуімен түсіндірілді. Осылайша Германия императорының аталған мәлімдемесі әлемдік саясат пен қоғам арасында қызу талқылаулар туғызды (Clark, 2000: 155-160).

Осыдан кейін неміс әскерлерін ғұндармен байланыстыру үрдісі басталды. Мысалы, осы экспедициялық корпус құрамындағы әскерлердің үйлеріне жазған хаттары кейіннен «ғұндардың хаттары» деген атауға ие бола бастады. Императордың мәлімдемесін қолдағандарға да «ғұн» айдарлар тағыла бастады.

Бастапқы кезде «ғұн» атауының қолданылуы батырлық, ерлік-жігерлік сипатында, немесе кемінде бейтарап сипатта қолданылып келсе, кейіннен бұл процесс басқаша өрби бастайды. Енді I дүниежүзілік соғыс тұсында немістерді ғұндар деп жағымсыз, кемсіту немесе қорлау мақсатында сипаттаулар кең етек ала бастады. Тіпті, неміс әскерлерін осы ғұндар деп сипаттау арқылы оларды жауыз, қатыгез, жабайы халық ретінде көрсету тенденциясы басталды.

Ал оған басты себепші болған – Британдық үкіметтің арнайы үгіт-насихат қызметі болды. Ағылшындар I дүниежүзілік соғыс кезінде немістерге қарсы әскери-саяси күрестерден бөлек, ақпараттық-идеологиялық та соғыс қимылдарын жүргізгені белгілі. Олар түрлі тәсілдермен, ақпараттық соғысты да еркін жүргізіп, неміс әскерлерін барынша жауыз, қатыгез, ең бастысы, варварлық халық ретінде көрсеткілері келді (Селиверстов, 2017: 108). Сондықтан да немістерді Еуропадағы мәдениет пен өркениетке тиетін қауіп ретінде санап, оларды ежелгі тарихтағы ғұндармен салыстыру керек деп шешті. Осы бағытта түрлі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе бастады.

Британдық үкіметтің арнайы үгіт-насихат қызметінің немістерді варвар ретінде көрсетуінің алғашқы әрекеті 1914 жылы тамыз айында Германияның Бельгияға басып кіруі кезінде орын алды. Осы кезде ағылшындық газет беттерінде алғаш рет немістерге қатысты «ғұн» атауы қолданыла бастады (Moyer, 1995: 96-97). Атап айтқанда, XX ғасырдың бас кезінен бастап өзінің германофобиялық көңіл-күйімен белгілі ағылшындық «Daily Mail» газеті немістерді «жауыз ғұн» ретіндегі образын қалыптастыруға бар күшін сала бастады. Сондықтан да немістердің атақты еуропалық Реймс соборына жасаған шабуылдарына қатысты хабарламасында: «Бұл «мәдениеттің» апостолдары Аттиланьың ғұндарынан да асқан жабайылықпен әлемнің ең жоғарғы архитектуралық ғажайыптарының бірін жойды» деп жазады. Ал зерттеуші Эндрю Кларк өзінің «Соғыс жағдайындағы ағылшын сөздері» атты еңбегінде алғаш рет «ғұндардың тәсілдері секілді» деген сөз тіркесін қолданады (Селиверстов, 2016: 105).

Сонымен қатар осы кезде Бельгия территориясындағы неміс әскерлерінің әрекеттерін сипаттауда ағылшындық басылымдар фактілерді келтірумен қатар, оларды арнайы түрде асыра сілтеп, асқан қатыгездік сипат беріп, газет беттерінде жариялап отырды. Тіпті сол мақалалардың кейбіреулеріне атау бергенде «ғұндар» деп көрсетуді ұмытпады. Мысал ретінде 1914 жылы 21 қарашада жергілікті басылым беттерінде «Бельгияда ғұндар 400 шаруаны асқан қатыгездікпен өлтірді» деген тақырыппен жаңалық жариялады (Селиверстов, 2016: 106).

Осы кезде ағылшын үгіт-насихат қызметі аясында немістерді ғұндар деп сипаттау жағдайына байланысты тағы бір мысалды келесі оқиғадан көре аламыз. Бельгия территориясында неміс әскерлерімен өлтірілген британдық медбике Эдит Кевеллдің өлімін ағылшындық баспасөз неміс әскерлерінің асқан жауыздығы деп көрсетіп, оған қатысты арнайы сурет-постерлер дайындады (Ульянов, 2019: 78-79). Ол постерде өлтірілген Эдит Кевеллдің суреті қойылып, жоғарғы жағына «Murdered by the Huns», яғни, «Ғұндардың қолымен өлтірілді» деген тақырып қойылады (1-суретті қараңыз).



1-сурет – Британдық медбике Эдит Кевеллдің өлімі туралы постер

Міне, бұл аталған фактілер өз кезегінде бұқараның санасында немістер «варвар ғұндар» ретінде қалыптаса бастағаны белгілі. Осы кезден бастап ағылшындық үкіметтің, кейін артынша олардың одақтастары АҚШ пен басқа да батыстық елдердің саясатында немістер «жабайы ғұндар» ретінде көрсетілу үрдісі басталды. Ендігі кезекте барлық баспасөз беттерінде немістердің қатыгез, жауыздықтары туралы ақпараттар тізбегі беріле бастады. Арнайы үгіт-насихат қызметі Германия әскерінің қатыгездіктері туралы ақпараттарды көбінесе әсірелеп немесе тіпті кейбіреулерін ойдан шығарған кездері де аз болмады (Мельников, 2012: 156-157). Бұл, әрине, соғыс жүргізудің тәсілдерінің бірі екенін жақсы түсінеміз. Қалай дегенмен де, ағылшындар осылайша немістерді «жауыз ғұндар» ретінде көрсету ісін жолға қойып кетті. Ал бұл сипаттауды

артынша барлық Германияға қарсылас одақтас мемлекеттер бірден іліп алып кетті.

Алғашқылардың бірі болып немістерді ғұндар ретінде көрсетуді Австралия қолға алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германияға қарсы бірігу мақсатында әзірлеген постерінде (2-суретті қараңыз) азаматтарды әскер қатарына қосылуға шақырады. Постерде «Protect our women and children» деген, яғни, «Біздің әйелдер мен балаларды қорға» атты жазуы бар бұл постердің суреті ерекше қызығушылық тудырады. Олай дейтініміз, суретте екі адамның бейнесі көрсетіліп тұр. Үстінде «AD 451» деген жазудың тұсында түрі моңғол типтес жауынгер ер азамат бейнеленген, ал астында «1915» деген жазудың тұсында неміс әскерінің бейнесі бейнеленген. Енді осы сәтті тереңірек қарастырсақ, өте қызық картина шығып тұр.




2-сурет – Австралиялық постер

Біріншіден, «AD 451» көптеген батысеуропалық елдерде қоланылатын латындық жыл атауының көрсеткіші, яғни, біздің заманымыздың 451 жылын білдіреді. Ал «1915» сол кездегі I дүниежүзілік соғыстың болып жатқан уақытын меңзейді. Екіншіден, суретте берілген жылдарға карағанда 1915 жылы тарихта 451 жылы болған оқиғаны қайталауға шақыратындай әсер қалдырады. Ал ғұндардың тарихына үніліп қарасак 451 жылы олар атақты Каталаун шайқасына қатысып, нәтижесінде Аттила бастаған ғұн-герман әскерлері Галлияға бара жатқан жорығын Батыс Рим империясы мен Тулуза корольдігі әскерлері

бірігіп тоқтатқан болатын (Жумагулова, 2011: 21-22). Сондықтан да аталған постер осы тарихи шайқаспен параллель келтіру арқылы, оқиғаны қайта жаңғыртқанда, неміс әскерлерін тоқтатуды көздеген болар деген болжам жасауға болады.

Осыған ұқсас үгіт-насихаттық сипаттағы постерді канадалықтар да әзірлеген (3-суреттің қараңыз). Постерде канадалықтар герман әскерін тоқтату әрекеттеріне шақыратын сөзде «ғұндардың» атауын пайдаланған. «Help to catch Huns» деген жазуы бар бұл постерде «Ғұндарды ұстауға көмектес» деген үгіт-насихат жүргізеді.




3-сурет – Канадалық үгіт-насихаттық постер

Ал Германия әскеріне қарсы әрекеттерге шақырып, солай бола тұра немістерді ғұндар деп көрсететін арнайы саяси постерлердің ең көбі АҚШ-та шығарылған. Олар көптеген формада әрі мәтінмен әзірленіп отырды. Бір қызығы, АҚШ-та насихатталған постерлер тек қана немістерді «жабайы ғұндар» деп қана көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ халықты «Бостандық акциялары» атты құнды қағаздарды сатып алуға шақырды. Осылайша халықтан түске қаражат соғыс шығындарына жұмсалып, неміс әскерлеріне қарсы әрекеттерге бөлінді. Ал соғыстан кейін халық аталған акцияларды үкіметке қайтадан сатып жіберуге құқылы болды. Сондықтан да I дүниежүзілік соғыс тұсындағы американдық насихаттаушы постерлерінің барлығы дерлік «ғұндарға қарсы бостандық акцияларын са-

тып алуға» шақырады деуге негіз бар (Малаховский, 2014: 117-118).

Мысалы, американдық суретшілер Аллен Сент Джонның 1917 жылы әзірлеген «Blot it out with liberty bonds» (аудармасы – «Оны бостандық акцияларымен жой») (4-сурет) атты постері мен Генри Патрик Рали 1918 жылы әзірлеген «Hun or Home? Buy More Liberty Bonds» («Ғұн ба әлде Үйің бе? Бостандық акцияларын көбірек сатып ал») (5-сурет) және 1918 жылғы «Halt the Hun» («Ғұнды тоқтат») (6-сурет) атты постерлері нағыз антигермандық насихаттың көріністері бола алады. Олар I дүниежүзілік соғыстың нағыз қызған шағында дайындалған және немістерге қарсы бірлесіп қарсылық көрсетуді меңзейді. Соның ішінде бұл постерлердің мәтіндерінде немістерді ғұндар деп санап, оларды жауыз ретінде көрсетеді (McKernan, 2000: 368-369).



4-сурет – «Blot it out with liberty bonds» («Оны бостандық акцияларымен жой»)




5-сурет – «Hun or Home? Buy More Liberty Bonds» («Ғұн ба әлде Үйің бе? Бостандық акцияларын көбірек сатып ал»)



6-сурет – «Halt the Hun» («Ғұнды тоқтат»)

Ал 1918 жылы американдық суретші Фредерик Стротман салған «Beat back the Hun with Liberty Bonds» («Ғұнды Бостандық

акцияларымен талқанда») атты постері (7-сурет) де неміс әскерлерін жауыз ретінде көрсете отырып, оларды «ғұндар» деп атайды.



7-сурет – «Beat back the Hun with Liberty Bonds» («Ғұнды Бостандық акцияларымен талқанда»)

Жоғарыда аталған американдық үгіт-насихаттық сипаттағы постерлердің атаулары мен бейнеленген суреттеріне қарап неміс әскерлерін өркениеттің қас жауы деп санап, оларды ежелгі дәуірдегі варвар халық болған деген ұстаным аясында ғұндарға теңеп көрсетеді. Бұл үрдіс американдық саяси-идеологиялық, ақпараттық шабуылдарда, насихаттық жұмыстарында кеңінен етек алады (Peterson, 1939: 160-165).

Осылайша, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында неміс әскерлеріне қарсы бірігу операцияларының бөлшегі ретінде ғұндар Германия әскерлерін сипаттауда кеңінен қолданылды. Бұл әсіресе ағылшын-американдық үгіт-насихат қызметтері тарапынан ерекше қолдауға ие болды.

Ал екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жағдай қалай болды? Германияның «жабайы ғұндар» ретінде сипатталуы бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін тоқтады ма, әлде жалғасын тапты ма? XX ғасырдың орта тұсына жақын уақытта бұл процесте не өзгеріс орын алды? Әрине, бұл сұрақтар өте өзекті болып табылады. Сондықтан да төменде аталған мәселені қарастырып көреміз.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де немістерді ғұндар ретінде сипаттау фактілері болды. Алайда бұл үрдіс дәл бірінші дүниежүзілік

соғыс тұсындағыдай кеңінен көрініс таппады. Тек қана жекелеген мемлекет басшыларының жасаған саяси мәлімдемелерінде ғана кездесіп отырды. Бұл кезде де немістерді асқан қатыгез, аяушылықты білмейтін жауыз халық ретінде көрсететін мәлімдемелер орын алып, бірақ оларды сипаттауда «ғұндар» атауын пайдалану үрдісі күрт азайды. Алайда бұл мүлдем болмады деген сөз емес екені анық.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында немістерді ғұн деп атаған алғашқы мәлімдемелердің бірін атақты саясаткер, Ұлыбританияның премьер-министрі Уинстон Черчилль 1941 жылы өзінің радиоға берген сұхбаттарының бірінде: «Қатары шамамен 70 миллиондай болатын зұлым ғұн бар, олардың кейбіреулерін емдеуге болады, ал кейбіреулері – өлтірілуі керек...» деген болатын (Churchill, 1941b). Сондай-ақ дәл осы жылдың соңына қарай Уинстон Черчилль Германияның Кеңес Одағына басып кіру фактісіне қатысты ойын айтқанда да немістерді ғұндар деп сипаттауын тоқтатпады. Атап айтқанда, ағылшындық саясаткер немістерді «жорғалаған шегірткелердің үйіріндей алға ұмтылған ғұн әскерінің ақымақ, үйретілген әрі мойынсұнғыш жануарлар тобыры» деп сипаттады (Churchill, 1941a).

Дәл осыған ұқсас сипаттаулар американдық президент Франклин Рузвельттің де мәлімдемелерінде де кездеседі. Ол да немістерді қатегез ғұндар деп сипаттаған сәттері тарихта белгілі (Гуторов, 2015: 135-137).

Ал екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен кейін немістерді ғұндар деп сипаттау үрдісі бітті деуге болады. Себебі бұл кездегі нацизм мен фашизм сияқты саяси идеялар соғыстағы ақпараттық ағынның арнасын толтырып, бірінші дүниежүзілік соғыста немістерге қатысты кеңінен қолданылған варварлық идеясын алмастырғандай болды. Сондықтан да ендігі кезекте Германия әскерін ғұндар деп көрсету үрдісі аяқталды деуге негіз бар.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған аргументтер мен фактілерді ой елегінен өткізе келе, ХХ ғасырдың алғашқы жартысында немістерге қатысты «ғұндар» атауын қолдану процесіне қатысты келесідей ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз.

Біріншіден, ең алдымен, Германияның кайзері Вильгельм II-нің тарихта «Ғұн сөзі» атты атаумен қалған, Қытайға аттанар алдындағы неміс әскерлеріне жігерлендіріп айтқан сөзі ерекше дискуссияға толы болды. Бұл эпитетті неміс әскерлеріне қатысты қолдану қаншалықты орынды әрі дұрыс болды деген мәселе көптеген зерттеушілер мен саясаткерлердің арасында қызу талқылаулар тудырды.

Екіншіден, Германия билеушісінің әскерлерді жігерлендіру үшін айтқан сөзі арада 14 жыл салып өздеріне қарсы идеологиялық қаруға айналды. Онсыз да ХХ ғасырдың басында германофобиялық көңіл-күй өршіп тұрған шақта, ағылшындық баспасөз газеттерінің ұсынуымен немістер «варвар ғұндардың» өзі деген идея антигермандық үгіт-насихаттың ажырамас бөлшегі болды. Осылайша, ағылшындардың мұрындық болуымен Германия қарсыластарының көзқарасында жауыз, қатыгез әрі жабайы халық ретінде сипаттала бастады. Ең бастысы, осы мақсатқа олар халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңінде Орталық Азиядан Еуропаға қоныс аударып барған ғұндарды пайдалана бастап, немістерді ХХ ғасырдың ғұндары іспеттес көрсетті.

Үшіншіден, бұл жерде немістер неге ғұндарға теңестірілді деген сұрақ туындайды? Неліктен ғұндар сондай қатыгез әрі тағы болып саналады?

Әрине, бұл ретте еуроцентризм аясындағы көзқарас өзіндік рөлді ойнап тұрды. Еуропалық қоғамның көзқарасында әрі тарихи санасында басқа территориядан келген көшпенді халықтың мәдениеті мен тұрмысы өзгеше болғандықтан, ол тағы, жабайы деп саналды. Сондай-ақ дәл осы ғұндар Рим империясы тұсындағы көптеген варвар, вандал сияқты тайпалармен теңестіріліп, еуропалық мәдениет пен өркениетті қиратушы деген субъективті көзқарас қалыптасқан. Сондықтан да ХХ ғасырдың бас кезінде еуропалықтарға немістерден төнген қауіпті Римге қауіп төндірген ғұндармен салыстыру үрдісі басталды.

Төртіншіден, немістерді ғұндармен салыстыру, тіпті, оларды ғұндардың өзі деп көрсету кейіннен Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде антигермандық үгіт-насихаттың бір элементі ретінде түрлі саяси постерлер мен брошюраларда кездесті. Ол постерлер жазбалары тарихқа сілтеме жасай отырып, саяси мақсаттарда қолданылды.

Немістердің тарапынан орын алған қандай да бір жауыздық актілері мен адамзатқа қарсы қылмыстардың барлығы дерлік ғұндардың жауыздықтары мен тағылықтарымен байланыстырылып, тарихи параллельдер келтірілді. Әрине, бұл жерде де еуроцентризм көзқарасы басым болғанын естен шығармауымыз керек.

Бесіншіден, I дүниежүзілік соғыста кеңінен қолданылған бұл эпитет кейіннен II дүниежүзілік соғыста кеңінен қолданылмады. Тек жекелеген саяси басшылардың мәлімдемелерінде кездескені болмаса, жаппай сипатта болмады. Осы ретте келесідей заңды сұрақ туындайды: неліктен бірінші дүниежүзілік соғыста ақпараттық-идеологиялық қару ретінде қолданылған бұл әдіс осы екінші соғыста қолданылмады? Неліктен бұл идея өзінің өміршеңдігін жоғалтты?

Осы ретте, біздің ойымызша, I дүниежүзілік соғыста немістерді жауыз ретінде көрсету үшін оларды еуропалық көзқараспен жабайы депкөрсетілген ғұндармен салыстыру арқылы, оларды варвар деп көрсету идеясы уақытша ғана құбылыс болды. Ол идеяның екінші соғыста қолданылмауының себебі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап нацизм, фашизм сияқты саяси ойлардың, идеялардың дамуымен және олардың варварлық идеясының орнын басуымен байланысты болуы әбден мүмкін. Сондықтан да болар, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін немістерді ғұндар деп көрсету үрдісі сап тыйылды.

Алтыншыдан, зерттеу жұмыстарында түрлі фактілерді келтіру барысында немістердің

жауыздықтары мен қатыгездіктері туралы деректерді ақтамаймыз, оны ешқандай да жақтамаймыз. Алайда, солай бола тұра, антигермандық үгіт-насихат аясында немістерге қатысты көптеген деректер әсіреленуі немесе ойдан шығарылуы, бұрмалануы мүмкін екенін де түсінеміз. Ал бұл өз кезегінде немістерді одан әрі жауыз ретінде ғана көрсетпей, ғұндарды да барынша варвар ретінде көрсететінін байқаймыз. Сонымен қатар белгілі бір деңгейде немістерді дәл сол ғұндармен салыстыруды орынсыз деп табамыз. Тарихта ғұндар өмір сүрген уақытпен түрлі гуманитарлық құндылықтар мен

саяси ойлардың дамып келе жатқан XX ғасыр басындағы уақытты салыстыру қаншалықты қисынды деген де сұрақ туындайтынын естен шығармауымыз керек.

Осылайша, жоғарыда ұсынылған ғылыми тұжырымдар негізінде біз XX ғасырдың бас кезінде еуропалықтардың санасында ғұндар қандай образда болғанын, қандай сипатта болғанын көре аламыз. XX ғасырдың алғашқы жартысында – екі бірдей соғыс жағдайларында немістерге қатысты «ғұндар» атауын қолдануды зерттеу арқылы еуропалық халықтың санасындағы ғұндардың кейпін анықтай аламыз.

Әдебиеттер

- Churchill W. (1941a). Minister Winston Churchill's broadcast on the Soviet-German war // <http://www.ibiblio.org/pha/timeline/410622dwp.html>
- Churchill W. (1941b). Prime Minister Winston Churchill's broadcast "Report on the war" // <http://www.ibiblio.org/pha/timeline/410427awp.html>
- Clark C. (2000). Kaiser Wilhelm II (1st ed.). London: Routledge.
- Dabringhaus S. (1999). "An Army on Vacation? The German War in China, 1900–1901". In Boemeke, Manfred F.; Chickering, Roger; Förster, Stig (eds.). *Anticipating Total War: The German and American Experiences, 1871–1914*. Cambridge University Press
- McKernan L. (2000). Propaganda, patriotism and profit. *History*, Vol. 14. №3-4, p. 364–378
- Moyer L.V. (1995). *Victory Must Be Ours: Germany in the Great War 1914–1918*. New York: Hippocrene Books
- Musolff A. (2017). Wilhelm II's 'Hun Speech' and Its Alleged Resemiotization During World War I. *Language and Semiotic Studies*, 3(3), p. 42–59
- Peterson H.C. (1939). *Propaganda for War*. University of Oklahoma Press
- Гуторов В.А. (2015). Ф.Д. Рузвельт и вторая мировая война: несколько предварительных заметок. *Вестник РХГА*, №2, с. 129-139
- Жумагулов К.Т. (2011). Каталаунская битва. Отан тарихы. *Научный журнал НАН РК*, №2(54), с. 11-24.
- Малаховский А.К. (2014). Пропаганда и цензура в журналистике США в годы первой мировой войны: от нейтралитета к патриотизму. *Вестник РУДН. Серия: Литературоведение, журналистика*, №2, с. 116-123
- Мельников М.С. (2012). Германофобия в английском обществе в 10-х гг. XX в. *Известия Волгоградского государственного педагогического университета*, Т. 75, № 11, с. 156–159
- Селиверстов Д.М. (2016). Влияние прессы на формирование образа врага в августе – декабре 1914 года. Начало «Немецких зверств» в Бельгии. *Вестник БГУ*, №1(27). с. 103-107
- Селиверстов Д.М. (2017). Формирование образа войны и врага в британском обществе довоенной эпохи. *Вестник БГУ*, №2 (32), с. 107-110
- Ульянов П.В. (2019). Образ Бельгии как «жертвы» в британской пропаганде периода Первой мировой войны. *Известия АлтГУ*, №2(106), с. 75-79

References

- Churchill W. (1941a). Minister Winston Churchill's broadcast on the Soviet-German war // <http://www.ibiblio.org/pha/timeline/410622dwp.html>
- Churchill W. (1941b). Prime Minister Winston Churchill's broadcast "Report on the war" // <http://www.ibiblio.org/pha/timeline/410427awp.html>
- Clark C. (2000). Kaiser Wilhelm II (1st ed.). London: Routledge.
- Dabringhaus S. (1999). "An Army on Vacation? The German War in China, 1900–1901". In Boemeke, Manfred F.; Chickering, Roger; Förster, Stig (eds.). *Anticipating Total War: The German and American Experiences, 1871–1914*. Cambridge University Press
- McKernan L. (2000). Propaganda, patriotism and profit. *History*, Vol. 14. №3-4, p. 364–378
- Moyer L.V. (1995). *Victory Must Be Ours: Germany in the Great War 1914–1918*. New York: Hippocrene Books
- Musolff A. (2017). Wilhelm II's 'Hun Speech' and Its Alleged Resemiotization During World War I. *Language and Semiotic Studies*, 3(3), p. 42–59

- Peterson H.C. (1939). Propaganda for War. University of Oklahoma Press
- Gutorov V.A. (2015). F.D. Ruzvel't i vtoraya mirovaya voyna: neskol'ko predvaritel'nykh zametok [F.D. Roosevelt and World War II: Some Preliminary Notes]. Vestnik RHGA, No.2, s. 129-139 [in Russian]
- Zhumagulov K.T. (2011). Katalaunskaya bitva [Catalaunian battle]. Otantariy. Nauchnyy zhurnal NAN RK, No.2(54), s. 11-24. [in Russian]
- Malakhovskiy A.K. (2014). Propaganda itsenzura v zhurnalistike SSHA v gody pervoy mirovoy voyny: otneytraliteta k patriotizmu [Propaganda and censorship in US journalism during the First World War: from neutrality to patriotism]. Vestnik RUDN. Seriya: Literaturovedeniye, zhurnalistika, No.2, s. 116-123 [in Russian]
- Melnikov M.S. (2012). Germanofobiya v angliyskom obshchestve v 10-kh gg. XX v. [Germanophobia in English society in the 10s. of the XX century]. Izvestiya Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta, T.75, No.11, s. 156-159 [in Russian]
- Seliverstov D.M. (2016). Vliyaniye pressy na formirovaniye obraza vruga v avguste – dekabre 1914 goda. Nachalo «Nemetskikh zverstvy» v Bel'gii [The influence of the press on the formation of the image of the enemy in August – December 1914. Beginning of the “German atrocities” in Belgium.]. Vestnik BGU, No.1(27), s. 103-107 [in Russian]
- Seliverstov D.M. (2017). Formirovaniye obrazovnyy vruga v britanskom obshchestve do voyennoy epokhi [Formation of the image of war and the enemy in the British society of the pre-war era]. Vestnik BGU, No.2 (32), s. 107-110 [in Russian]
- Ul'yanov P.V. (2019). Obraz Bel'gi kak «zhertvy» v britanskoypropagandepriyemnomy perioda Pervoy mirovoy voyny [The image of Belgium as a “victim” in British propaganda during the First World War]. Izvestiya AltGU, No.2(106), s. 75-79 [in Russian]